

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 18 наурыз N 2908

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U962828_ жүзеге асыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды әзірлесін және бекітсін:

1) 1996 жылғы 1 сәуіріне дейін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жер қойнауын пайдалану жөніндегі құзыретті органдары туралы ереже;

2) 1996 жылғы 1 шілдеге дейін:

жер қойнауын пайдалану операциялары жөніндегі өтелуге тиіс шығындарды тиесілеу тәртібі туралы ереже;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды өткізуге арналған контрактілерді тіркеу тәртібі туралы ереже;

жалпы кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесі;

кен орындары мен пайдалы қазбалары білемдерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі туралы ереже;

техногенді минералды түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі туралы ереже;

зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және сарқынды суды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізудің тәртібі туралы ереже;

3) 1996 жылғы 1 қыркүйекке дейін:

пайдалы қазбаларды барлауға және /немесе өндіруге лицензия алу

құқығына арналған инвестициялық бағдарламалардың конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары туралы ереже;

пайдалы қазбалары қорының мемлекеттік балансын жүргізу тәртібі туралы ереже;

жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау туралы ереже;

астында пайдалы қазбалары бар алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы ереже;

қатты пайдалы қазбаларды, мұнайды, газды, жерасты сулары кен орындарын игеру кезінде жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережесі;

жер қойнауын ұтымды пайдаланбағаны үшін айыппұл төлемдері туралы ереже;

жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ереже;
жер қойнауын мемлекеттік сараптау туралы ереже;
радиоактивті қалдықтарды көму тәртібі туралы ереже;
зиянды заттарды жер қойнауына көму және сарқынды суды жер
қойнауына ағызу тәртібі туралы ереже.

Қазақстан Республикасының
Президенті